

"Атырауэнерго" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 қазан N 1295

Атырау облысында энергетиканың қаржылық және шаруашылық қызметін дамыту және аймақты энергиямен жабдықтауды сенімді әрі үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп бір ай мерзімде заңда белгіленген тәртіппен "Атырауэнерго" республикалық мемлекеттік кәсіпорын ашық түрдегі акционерлік қоғам етіп қайта ұйымдастырсын.

Әлеуметтік сала объектілері заңда белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдарға берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті осы құрылып жатқан ашық түрдегі акционерлік қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен сатады.

3. "Электр энергетикасындағы жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 мамырдағы N 663 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 25, 210-құжат) 1-қосымшадағы Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің 1996 жылы коммуналдық меншікке берілетін энергетикалық жүйесінің мемлекеттік кәсіпорындары мен құрылымдық бөлімшелері тізбесінен:

"Атырау жылу топтары АҚ бірге (Атырауэнергия)" деген жол алынып тасталсын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі